



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№32 (940) Сәрсенбі 13 тамыз 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



«ЖАСТАРМЕН БІРГЕ!» АТТЫ OPEN AIR ФОРМАТЫНДА МЕРЕКЕЛІК КЕШ ӨТТІ

12 тамыз – Халықаралық жастар күніне орай «Достық үйі» ғимаратының алдында ашық аспан астында жастарға арналған ерекше гала-концерт ұйымдастырылды. «Жастармен бірге!» атауымен өткен бұл кешке қала жастары мен қонақтары жиналып, әсерлі атмосферада өнер мен көңіл көтеруді тоғыстырған ұмытылмас сәттерге куә болды.

Іс-шараға Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет қатысып, барша жастарды мерекемен құттықтады.

– Сіздер – халықтың үміті мен тірегісіздер. Мемлекет басшысы жастар үшін үш басты бағдарды үнемі айтып келеді. Олар білімге ұмтылу, еңбекқорлық және патриотизм. Бұл мықты әрі табысты ұлттың негізін құрайтын үш тұғыр. Демек, ұлттың болашағын сіздер айқындайсыздар. Сондықтан біз, аға буын өкілдері, сіздерге үлкен сенім артамыз және әрдайым қолдауға дайынбыз. Сыр жастарының алдағы уақытта да өмірдің дамуы мен өркендеуіне өз үлестерін қосатынына

сенімдімін. Халықаралық жастар күні құтты болсын! Алға, Сыр жастары, – деді Мейрамбек Зинабдинұлы.

Кештің мәдени бағдарламасы көрерменнің үлкен ықыласына бөленді. Сахнада өнер көрсеткен Axallek, Жарасхан Төлебай, Есқара, Бекзат Молдабергенов сынды Сыр өнерпаздары жастарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Кештің басты хедлайнері – «6ELLUCCI» тобы ұмытылмас шоу ұсынып, жастардың мерекелік қуанышын еселей түсті. Бағдарлама соңы DJ Jako-ның сүйемелдеуімен өткен би кешімен қорытындылады. Бұл кеш аймақ жастарының өнерін, белсенділігін және бірлігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Арал ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Аманжол Оңғарбаевтың төрағалығымен арнайы мәжіліс өтіп, жаңа оқу жылына дайындық мәселесі пысықталды.

Аудан әкімі бұл мәселе Үкімет отырысында және облыста өткен арнайы жиында қаралғанын айтып, өзекті екенін жеткізді.

– Бұл бір ғана басқарманың немесе бөлімнің жұмысы емес. Барлық жергілікті атқарушы органдардың бірлесе отырып жасайтын жұмысы. Сондықтан да жүзеге асырылуы тиісті міндеттер сапалы әрі мерзімінде орындалуы қажет, – деді аудан әкімі.

Сонымен қатар жиында апатты мектептерді жою мәселесі бойынша жұмыстарды қайта жандандырып, тиісті салалық министрліктер мен басқармаларға білім беру стандарттарына сәйкес келмейтін мектептерді қайта салу бойынша ұсыныс енгізу керектігін жеткізді. Бұдан бөлек құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан кейбір білім ұяларынан кемшіліктер анықталып жатқанын айтып, олар бойынша қажетті шараларды қабылдап,

құрылыс сапасына ерекше мән беру керектігі баса айтылды. Осы және өзге де кемшіліктерді пысықтаған аудан әкімі Аманжол Сақыпұлы оқулық және оқу-әдістемелік кешендермен қамту бойынша және осал топтағы отбасындағы мектеп бітірушілерге облыс әкімінің гранты тағайындау мәселесі мен білім ұяларының жылу беру маусымына дайындығын жетілдіру жөнінде жауаптыларға бірқатар тапсырма жүктелді.

Жиында мұнан өзге тұрғындарды баспанамен қамту және ауданның тазалық мәселесі кең көлемде қаралды. Әсіресе қала аумағындағы тазалық жұмыстары сын көтермейтінін айтып, кемшіліктер арнайы слайд арқылы көрсетілді. Бұл мәселелерге қатысты жауапкершіліктің жоғары болуы керектігін айтқан аудан әкімі берілген тапсырмадан уақытысында нәтиже шығарудың маңызды екенін жеткізді.



ЕГІЗДЕР БІР-БІРІНЕ БҮЙРЕГІН БЕРДІ



Қызылорда облыстық көпбейінді ауруханасында бір күнде екі наукасқа бүйрек трансплантациясы жасалды. Бірінші наукас – 1979 жылы туған әйелге өзінен үш жас үлкен туған ағасы донор болды. Екінші трансплантация 1978 жылы туған ер адамға жасалды.

– Наукасқа егіздің сыңары, ағасы бүйрегін берді. Отаны аурухана бас дәрігерінің орынбасары, PhD Ербол Серікұлы А.Сызғанов атындағы ұлттық ғылыми хирургия орталығының бөлімше меңгерушісі Ислам Маладодовтың командасымен бірге жасалды. Операция сәтті өтті. Науқастардың жағдайы орташа, тиесілі ем қабылдап жатыр, – делінген хабарламада.

Былтыр ауруханада бүйрекке 6 трансплантация жасалды. Биыл дәрігерлер бірінші рет бауыр ауыстырды. Жакында осы ауруханада ашық жүрекке сирек кездесетін ота жасалды.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

**«Ел тілегі» газетіне
жеке жазылушылар
үшін индекс 65007**

6 айға – 2800 теңге;

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына телефондар
арқылы ала аласыздар: 8(7242)
27-85-75; 8-7059827661,
8 777 752 54 63.**



ШАРА ӨТТІ

Қызылорда облыстық аумақтық инспекция мамандары үшін Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай экскурсия ұйымдастырылды. Мақсаты – сала қызметкерлерінің рухани-мәдени білімін арттыру, Абай мұрасын кеңінен насихаттау және кітап оқуға деген қызығушылықты дамыту. Экскурсия барысында қатысушыларға Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесі ұсынылып, деректі материалдармен танысуға мүмкіндік берілді.

МИЛЛИАРДЕР «ЛАБУБУ»

«Лабубу» ойыншығы Pop Mart-қа миллиардтаған табыс әкелді. Қытайдың Pop Mart компаниясы 2025 жылдың алғашқы жартысында табысын 350%-дан астамға арттырды. Бұған басты себеп - «Лабубу» деп аталатын кішкентай ойыншық кейіпкер.

«Лабубу» - Гонконг суретшісі Kasing Lung ойлап тапқан «The Monster Trilogy» кітабының кейіпкері. 2019 жылдан бері Pop Mart бұл ойыншықтың жүздеген нұсқасын шығарды: түрлі түсті жүн, әртүрлі эмоция, түрлі әшекейлер. Ең танымалдарының бірі - Лабубу-ілегке ойыншық, оны Рианна мен BLACKPINK тобының әншісі Лиса тағып жүрген.

Бұл ойыншықтар «соқыр қорап» (mánghe) форматында сатылады: сатып алушы қандай үлгі түсерін алдын ала білмейді. Бағасы – 20 - 30 доллар, ал сирек кездесетіндері қайта сатылымда мыңдаған долларға өтеді.

Қазір Pop Mart-тың нарықтық құны \$40 млрд-қа жетіп, әлемдегі ірі ойыншық өндірушілер - Hasbro (\$10,6 млрд) мен Mattel (\$6,4 млрд) компанияларының жиынтық бағасынан да асып түсті. Ал негізін қалаушы Ван Ниннің байлығы \$20 млрд-тан жоғары, ол Қытайдың ең бай 10 кәсіпкерінің қатарына кірді.

Pop Mart-тың табысы жоғары технологиялар мен жасанды интеллектке байланысты емес. Дегенмен, дұрыс маркетинг, коллекция мәдениеті және жанкүйерлердің қызығушылығы қарапайым ойыншықты миллиардтаған долларлық бизнеске айналдырды.

ТҮРКИЯДА ТАҒЫ ДА ЖЕР СІЛКІНДІ

Табиғи апат салдарын жою басқармасының (AFAD) мәліметі бойынша, Анкараның Этиместут ауданында 3,2 баллдық жер сілкінісі тіркелген. Ел астанасы Анкарадағы жер сілкінісі 4,68 шақырым тереңдікте болғаны анықталған. Бұған дейін, 10 тамызда Түркияның Балыкесир провинциясында жер сілкініп, Сынгырғы қаласында тұтас бір аудан қирап қалған. Бір адам қаза болып, 29 адамның жараланғаны туралы ақпарат тараған.



ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫ БАҚЫЛАУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңірдің құрылыс нысандарындағы жұмыс барысы сараланған жиналыс өтті. Оған облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, қала әкімі, жауапты сала мен құрылыс мекемелерінің басшылары қатысты.

Аймақ басшысы бірінші кезекте құрылыс сапасын қатаң бақылауда ұстап, нысандарды уақытылы пайдалануға беру керектігін айтты.

«Жаңадан пайдалануға берілетін нысандардың өңіріміз үшін маңызы зор. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясындағы мектептердің, 11 мың орындық жаңа стадион мен тұрғын үйлердің сапасына, мерзіміне қатысты ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Құрал-жабдықтары, жан-жағының абаттандырылуы толық дайын болуы керек», - деді Н.Нәлібаев.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облысымызда 2023 жылдан бері 6 900 орындық 10 мектептің құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілуде. Қызылорда облысында 6 мектеп ашылып, жұмысын бастады. Қалған 4 мектептің 3-еуі (Қызылорда қаласы Арай м/а 1500 орындық, Қызылжарма м/а 600 орындық және Арал ауданы

Сексеуіл кентіндегі 300 орындық мектеп) жаңа оқу жылына дейін, ал 1 мектеп (Қызылорда қаласы СПМК-70 м/а 1500 орындық мектеп) екінші тоқсанға дейін ел игілігіне табысталады деп күтілуде.

Қызылорда қаласында 11000 орынға арналған стадион қыркүйек айында пайдалануға беріледі. Стадион жанында 1000 орындық автотұрақ алаңы, 40 орындық VIP, 4 автобуска арналған автотұрақ, жылу қазандығы, коқыс төгетін орын және резервуар болады. Ғимараттың батыс секторында спортшылардың жаттығу алаңы, жуыну аймағы және киім ауыстыратын, төрешілер, жаттықтырушылар, массаж, допингтік бақылау бөлмелері, медпункт, комментатор кабиналары, конференц зал орналасқан. Ал шығыс секторы ауыр атлетика, бокс, гимнастика және акробатика, күрес, жаттығу, залдары, қыздырыну бөлмесімен

қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, жанкүйерлерге арналған санитарлық, тамақтану және демалыс аймақтары, кафетерий, VIP-аймақтар және VIP-кабинеттер бар.

Биыл Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыпудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында жеке құрылыс салушылардан 3022 дайын жаңа пәтер сатып алу жоспарланған. Жыл басынан бері Қызылорда қаласында 136 пәтер сатып алынды.

Тамыз айының соңына дейін Сырдария өзенінің сол жағалауында «Сәт-Сервис» ЖШС салған 75 пәтерлік 1 тұрғын үйдің, «Ер-Ару и К» ЖШС салған 220 пәтерлік 3 тұрғын үйдің, «Мелиоратор» ЖШС салған 280 пәтерлік 7 тұрғын үйдің құрылысы аяқталады.

ОБЛЫСТА ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ АРТЫП КЕЛЕДІ

2025-2026 оқу жылына облыс әкімінің гранты аясында облыстық бюджеттен қажетті қаржы бөлінді. Грант тағайындаған 100 талапкердің оқу ақысы төленіп, 72 АЕК көлемінде жүріп-тұруына, тамақ шығындарына әлеуметтік көмек көрсетіледі. Биылғы ерекшелік – облыс әкімі грантының 70 пайызы жұмысшы мамандықтарға бөлініп отыр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабәев мәлімдеді.



– Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғауға мұқтаж жандардың өмір сүру сапасын арттыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Өңірлік жұмыспен қамту жол картасы аясында биыл 46 560 жұмыс орнын құру жоспарланып, 7 айда 20 744 жұмыс орны ашылды. 5 942 адам бос жұмыс орындарына орналастырылып, 10 403 адам субсидияланатын жұмыс орындарына жолданды. Одан бөлек, Мемлекет басшысының «10 мың адамға 100 жұмыс орнын» құру тапсырмасына сәйкес 1988 жұмыс орны ашылды. Биыл инвентаризация кезінде іске асыратын 67 автокөлікке 268,9 млн теңге бөлініп, бүгінгі күнге дейін 1500-ден астам

адам осы қызметті пайдаланды. Жыл басынан бері 3 708 отбасыға атаулы әлеуметтік көмек көрсетіліп, отбасыларындағы бір жастан алты жасты қоса алғанда дейінгі 5 920 балаға қосымша төлем төленді. Сонымен қатар, бюджеттен тыс көздерден көмекке мұқтаж халықтың алжауаз топтарынан шыққан 5 242 адамға қайырымдылық көмек көрсетілді. Айта кету керек, облыс бойынша барлық санаттағы мүгедектігі бар адамдарға әрқайсысына 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір реттік әлеуметтік көмек беруге облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, төленетін болады, - деді Ғабит Жұмабекұлы.

АҚСУАТТА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС АТҚАРЫЛУДА

Ақсуат ауылдық округінің әкімі Нұрболат Бақытов 1 жартыжылдықта атқарылған жұмыстар бойынша баспасөз конференциясын өткізді.

- Өткен жылы ауылдық округтің инфрақұрылымын дамыту мақсатында ұзындығы 22,5 шақырым болатын 32 көшеге электр желісін тарту және 4 көшеде жол жөндеу жұмыстары басталған болатын. Биыл бұл жұмыстарды жалғастыруға тиісті қаржы бөлінді. Сондай-ақ, 18 көшеге жол құрылысын жүргізу және 4 көшені қайта жаңғырту жалғасуда. Ал, 1,22 шақырым болатын А.Арысбаев, Орманбаев, О.Жақенов көшелеріне түнгі жарық бағаналары орнатылды. 7 көшеге түнгі жарық бағаналарын орнату үшін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі арқылы мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. Мұнан бөлек, ұлттық спортты дамыту мақсатында жер телімі белгіленді, - деді ауылдық округ әкімі Нұрболат Бақытов.

Мемлекеттің шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауының нәтижесінде ауылдық округ бойынша 602 кәсіпкерлік субъекті жұмыс істеуде. Кәсіпкерлікті дамытудың түрлі мемлекеттік бағдарламалары аясында ұсынылған 11 жоба мақұлданып, 281 млн.



теңгеге қаржыландырылды. Оның ішінде 8 жоба «Ауыл аманаты» жобасы аясында 46 млн. теңгеге қаржыландырылды. Мұнан бөлек, 18 кәсіпкердің 28,3 млн. теңгені құрайтын 18 жобасы мемлекеттік қайтарымсыз грантка ие болды. Қаржылай қолдауға ие болған жобалар қатарында ағаш шеберханасы, ара шаруашылығы, темір бұйымдар өндірісі мен массаж орталығы, жылыжай кешені, кондитерлік, шағын тігін цехы, құрылысқа қажетті пексбллок, бордюр, брусчатка өнімдерін шығару және автокөліктерді жөндеу сынды цехтар бар.

197 КӘСІПКЕРЛІК НЫСАН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Қызылөзек ауылдық округінің әкімі Сәкен Әбдіжаппар 1 жартыжылдықта атқарылған жұмыстар бойынша ақпарат берді.

– Қызылөзек ауылдық округіндегі «Қожақ» автомобиль көпірі өткен ғасырдың алпысыңшы жылдары салынып, бүгінде тозығы жеткен, қатынасқа қауіпті нысанның біріне айналған еді. Тұрғындар осы көпірге күрделі жөндеу жүргізуді талай рет айтып, мәселе көтерген болатын. Ел сөзі елеусіз қалмай, оның жөндеу жұмыстарына 292 млн. теңге қаражат бөлінді. Қазір мердігер «N Строй Сервис» ЖШС-гі өткелдің құрылысын жоспарға сай жүргізуде, - деді ауылдық округ әкімі Сәкен Нысанұлы.

Ауылда 2024 жылдан бастап 2025 жылға өтпелі кезеңмен жүзеге асырылып жатқан жобалардың бірі, ауыл тұрғындарының ең өзекті болып келген мәселесі – электр желілерін қайта жаңғырту. Бұл жоба аясында ауылдық округте қарасты 3 елдімекенге ВЛ-10 кВ электр бағаналары орнатылып, заманауи СИП электр желісі жүргізілуде. Бұдан бөлек, биыл 4 көшеге (Ж.Жабаев, Д.Сариев, Ж.Жабағиев түйығы мен Айнакөл-1 көшесі) асфальт жол төселіп, Қорқыт Ата көшесіне түнгі жарық бағаналары орнатылды. Алдағы уақытта Ж.Жабағұлы көшесіне орташа жөндеу жұмыстарымен қатар, Қараөзек бекетінде балалар ойын алаңы салынады деп жоспарлануда.

Өткен жылы ауылды газдандыру бағытындағы жұмыстар да бастау алды. «Дос Строй Проект» ЖШС мекемесі газдандыру жұмысының жобасметалық құжаттарын әзірлеп, қазіргі таңда жоба мемлекеттік сараптамадан өткізілуде. Мемлекеттік



сараптама қорытындысы алынған соң, жобаны қаржыландыру жөнінде республикалық бюджетке ұсыным беріледі.

– Ауылдық округте 197 кәсіпкерлік нысан жұмыс істейді. Мемлекеттік бағдарламаларға жүтінген 5 ауыл тұрғыны 25 млн. 145 мың теңге қаражатқа қол жеткізіп, өз жобаларын жүзеге асыруда. Оның ішінде, 2 азаматтың жылқы малын өсіру жобасы қолдау тауып, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы 20 млн. теңге несиеге қол жеткізді. 2 ауыл тұрғыны – 3 млн. 145 мың теңге қайтарымсыз грантка ие болып, өз кәсіптерін бастады. Ал, «Ауыл аманаты» жобасы аясында 2 млн. теңгені құрайтын 1 жоба қаржыландырылды, - деп қорытындылады ауыл әкімі.

ТАЛСУАТТА ТЫНДЫРЫМДЫ ТІРЛІК КӨП

Талсуат ауылдық округте 191 шағын кәсіпкерлік нысан жұмыс істеуде. Жыл басынан жаңадан 5 кәсіпкерлік нысан тіркеліп, мемлекеттік бағдарламалар аясында ауыл тұрғындарының 11 жобасы қаржыландырылды. Оның ішінде, 5 ауыл тұрғыны 7 млн. 864 мың теңге қайтарымсыз грантка ие болды. «Ауыл аманаты» жобасы аясында 43,5 млн. теңгені құрайтын 4 жоба қаржыландырылды. Бағдарламамен кәсіпкерлер ет өндірісі, жұмысшы қолғап цехы, қымыз, жартылай фабрикалар өндірісі жобаларын жүзеге асыруда. Ауыл шаруашылығы саласы бойынша 42 гектар жерге, оның ішінде 29,4 га көкөніс, 1,8 га картоп, 11 га бақша дақылдары егіліп, мал саны 3383 басқа жетті.

- Биыл әлеуметтік қызмет көрсететін 3 мекемеге жаяу жүргіншілер жолы салынып, көше жарығы жүргізілді. №3 түйық көшеге тас төселіп, 1-ші түйық көшесіне түнгі жарық бағаналары орнатылды. Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Тағзым алаңында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, Сығанақ көшесіне тас төсеу, Ақмешіт, Астана, Алматы, Отырар, Сауытбаев көшелеріне көше



жарығын жүргізу және Құмкөл, Атырау, Ақмешіт, Нұрмағамбетов көшелеріне жаяу жүргіншілер жолын салу жобаларын жүзеге асыру үшін бюджетке өтінім берілген, - деп қорытындылады ауылдық округ әкімі Ерлан Тұтқабайұлы.



«QYZYLORDA JASTAR FEST» мерекелік гала-концерті өтті

12 тамыз – Халықаралық жастар күніне орай, «Qyzylorda Jastar Fest» мерекелік гала-концерті өтті.

Мерекелік кеш шығыс жастарының жалынды жетекшісі болған Ғани Мұратбаев ескерткішіне тағзым гүлін қою рәсімімен бастау алды. Әрі қарай шара спорттық сайыстарға ұласып, концерттік бағдарлама аясында аймақтың үздік әншілері, би топтары көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Жастар арасында түрлі байқаулар мен заманауи би сайысының жеңімпаздары, жас таланттар және жастар саясатының дамуына үлес қосқан белсенділер қала әкімінің арнайы алғыс хаттарымен марапатталды.

19 КӨШЕДЕ ТИІСТІ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛДІ



Ақжарма ауылдық округінің әкімі Саттар Әбдіреев І жартыжылдықта атқарылған жұмыстар бойынша баспасөз конференциясында баяндап берді.

- Баймұрат батыр ауылының жаңадан қалыптасқан көшелеріне тас жол салуға қаржы қаралып, 19 көшеде тиісті жұмыстар жүргізілді. Алдағы уақытта «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде Талдыарал елді мекенінің І-ші көшесіне көше жарығы орнатылады. Мұнан бөлек, бірқатар жобаларды жүзеге асыруға бюджетке өтінім берілді. Олардың қатарында, су тарату насосы мен аяқ су жүйесінің құрылысы, 5 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салу жобалары бар. Ал, 10 көшеге ауыз су құбырын тартуға, жабық спорт кешенін салуға демеушілік негізінде жоба-сметалық құжаттары әзірленуде, - деді ауылдық округ әкімі Саттар Бейбітұлы.

Кәсіпкерлікті қолдау бағыты бойынша мемлекеттік бағдарламалар аясында жылыжай мен көлік жөндеу орталығы бойынша ұсынылған жобалар қаржыландырылды. Баймұрат батыр ауылының жаңадан қалыптасқан көшелеріне тас жол салуға қаржы қаралып, 19 көшеде тиісті жұмыстар жүргізілді. Алдағы уақытта «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде Талдыарал елді мекенінің І-ші көшесіне көше жарығы орнатылады.

КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Қармақшы ауданындағы «Руханият» орталығында қазақтың ұлы ойшылы, ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Адамзаттың Абайы: руханият, парасат, таным» атты аудандық танымдық конференция өтті.

Тағылымды кездесуді Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары Самат Қыдырбекұлы жүргізіп, Абай мұрасының ел руханиятындағы орны мен бүгінгі ұрпақ үшін маңызын атап өтті. Сондай-ақ, мұндай шаралар ұлттық құндылықтарды сақтауға зор үлес қосатынын жеткізді. Сонымен қатар шара барысында ҚР Журналистер Одағының мүшесі, ардагер ұстаз, білім беру ісінің үздігі Дастан Нәзікбаев «Абай – тұлға» тақырыбындағы баяндамасында білім мен парасат ұғымдарының сабақтастығын ашып көрсетсе, Қуандария ауылындағы №186 орта мектеп директоры Ғалымжан Кәрібаев «Абай – қазақ тарихындағы ұлы тұлға» тақырыбында ақын мұрасының қазіргі заманмен байланысын жан-жақты саралады.

Әрі қарай Қармақшы аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы Әбдірахман Құлдіуісенов пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Асқар Мереков сөз сөйлеп, Абай шығармаларындағы еңбек пен білім тақырыптары аясында жас ұрпақ тәрбиесіне енгізудің маңызын атап өтті.

Конференция соңында Абайдың қара сөздерінен үзінділер оқылып, ақынның әндері шырқалды. Жас өнерпаздар мен мектеп оқушылары Абайға арналған арнау-жырлар мен әдеби шығармаларын ұсынып, тағылымды кездесуде жағымды әсер қалдырды.

Шара қорытындысында Самат Қыдырбекұлы Абай Құнанбайұлының мұрасын білім, тәрбие салаларында кеңінен насихаттаудың маңыздылығын атап өтіп, осындай тағылымды кездесулердің жалғасуын қолдады. Айта кетейік, Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған осы атаулы күн аясында Қармақшы аудандық мәдениет үйінде «Абай әлемі» атты облыстық өнер байқауы ұйымдастырылды. Ұлы ақынның әдеби, рухани мұрасын кеңінен насихаттай отырып, жас ұрпаққа дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған мәдени шара мерекелік күннің мазмұнын тереңдете түсті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына байқау кеңесінің мүшесі лауазымдық қызметіне конкурс жариялайды

Конкурс өткізілетін күн: Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды жариялағаннан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін.

Конкурс өткізілетін орыны: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ғимараты, №207 бөлме.

Кәсіпорынның атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны: 120016, «Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы Ғабит Мүсірепов көшесі, 75, байланыс телефоны: 8 (7242) 24-59-62, e-mail: oblnfect_kz@mail.kz денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Негізгі қызметі: облыс тұрғындарына мамандандырылған стационарлық көмек көрсету.

Бақылау кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар: Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімінің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінін:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
2) қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
6) Кодекстің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;
7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері

МЕДИА

БАЛАПЫ ОТБАСЫЛАРДЫ ҚОЛДАУДА ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУДЫҢ РӨЛІ



Ұлттық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерді негізге ала отырып, барлық елдер өз шындықтарына бейімделген халықты әлеуметтік қорғаудың меншікті жүйелерін құрады. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда әлеуметтік қамсыздандырудың көп деңгейлі жүйесі, оның ішінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі арқылы кешенді қамтамасыз етілетін халықты халықаралық стандарттарға сәйкес әлеуметтік қолдау жүйесі құрылды. Өз кезегінде Әлеуметтік кодекстің 9-тарауында қарастырылған отбасыларды әлеуметтік қорғау шаралары маңызды орын алады.

Олардың қатарына бюджет қаражаты есебінен берілетін базалық мемлекеттік жәрдемақылардың түрлері және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (Қор) төленетін әлеуметтік төлемдер кіреді. Қазақстанда 2005 жылы енгізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі бастапқыда әлеуметтік тәуекелдердің үш түрін қамтыды: еңбекке қабілеттіліктен айрылу, асыраушысынан айрылу, жұмысынан айрылу. Жұмыс істейтін әйелдердің мүдделерін қорғау мақсатында 2008 жылдан бастап міндетті әлеуметтік сақтандыру ана болу мен бала күтіміне байланысты қосымша екі әлеуметтік тәуекелмен толықтырылды. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс істейтін әйелдерге жүктілігі және босануы бойынша әлеуметтік демалыс беріледі. Мұндай демалысты рәсімдегеннен кейін болашақ ана жүктілігіне және босануына байланысты табысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау үшін Қорға жүгінеді. Аталған біржолғы төлемнің мөлшері әйелдердің соңғы 1 жылда әлеуметтік аударымдар Қорға төленген орташа айлық кірістеріне байланысты. 2025 жылдың 5 айында Қызылорда облысы бойынша шамамен 5,0 мың әйел адам 6,1 млрд.тенге сомаға осындай төлем алды және тағайындалған төлемнің орташа мөлшері 1,3 млн. теңгені құрады.

Бүгінгі күні бала туған кезде ата-аналардың біреуі еңбек қызметін жүзеге асыруына қарамастан, бала тууға арналған әлеуметтік жәрдемақыны бюджет қаражаты есебінен алады, оның мөлшері бірінші, екінші, үшінші балаға - 38 айлық есептік көрсеткішті (АЕК), ал төртінші және одан да көп балаға - 63 АЕК құрайды. Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сәйкес, соңғы 5 жылда Қызылорда облысы

бойынша 104,7 мың бала, оның ішінде 2024 жылы 18,5 мың бала дүниеге келді. Бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша Қордан төленетін әлеуметтік төлем әрбір балаға жеке тағайындалады. 2024 жылда аталған төлемді Қызылорда облысындағы жаңа туған балалары бар отбасылардың 79,3 % - ы алды. 2025 жылдың 5 айында бұл төлем Қызылорда облысындағы 5,6 мың адамға тағайындалды, ай сайынғы орташа мөлшері 81,1 мың теңгені құрады. Төлем 8,4 млрд. тенге сомасында жүргізілді. Осылайша, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар бала туғанға дейінгі соңғы 2 жылда Қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық кірістің 40% - ы мөлшерінде төлемдерді ала алады.

Бала күтімі бойынша демалыс кезеңінде ай сайын әлеуметтік төлем алып отыратындар үшін міндетті зейнетақы жарналарының (МЗЖ) түсуі жалғастырылатынын атап өтеміз. Біржолғы және ай сайынғы әлеуметтік төлемдерден 10% мөлшерінде МЗЖ ұсталынып, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылады. Сондай-ақ, бала күтімі кезеңінде зейнетақы жинақтарын толыққанды қалыптастыру мақсатында мемлекет міндетті зейнетақы жарналарын қосымша субсидиялайды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету бөлігінде Қор цифрлық сервистерді белсенді енгізуде. Осылайша, Қордан тағайындалатын әлеуметтік төлемдерге дәстүрлі жолмен - «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік қорпорациясының (бұдан әрі - Мемлекеттік қорпорация) бөлімшелері арқылы да, электронды түрде де үйден шықпай-ақ жүгіне алады. Мысалы, жүктілікке және босануға байланысты біржолғы төлемді тағайындау

үшін egov.kz электрондық үкімет порталы немесе Мемлекеттік қорпорация бөлімшесі арқылы, ал бала күтімі бойынша ай сайынғы әлеуметтік төлемге - egov.kz электрондық үкімет порталы, екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшалары немесе Мемлекеттік қорпорация бөлімшесі арқылы жүгінуге болады. Сондай-ақ, әлеуметтік төлемдер sms-хабарламамен растау жолымен әлеуметтік төлемдерді алу құқығын іске асыруға өтініш берушінің келісімін алу арқылы проактивті түрде тағайындалуы мүмкін.

Төлемдерді тағайындау кезінде Қордың филиалдары құжаттардың (мәліметтердің) дұрыстығын тексеретінін атап өткен жөн. Осыған байланысты, әлеуметтік аударымдардың уақтылы және толық төленбеген, МЗЖ сомалары төленген кірістің әлеуметтік аударымдарға сәйкес келмеген жағдайларда Қор алынған материалдарды қайта рәсімдеуге жібереді. Мұндай жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 30 жұмыс күніне дейін ұзартылады. Бұл кезең тиісті мемлекеттік органдардан, жұмыс берушіден және басқа да ұйымдардан қажетті қосымша мәліметтер алу үшін қажет. Осыған байланысты жұмыс істейтін азаматтар жұмыс берушілердің олар үшін әлеуметтік аударымдарды Қорға төлеу фактілерін тексеріп отыру маңызды. Мұндай ақпаратты egov.kz электрондық үкімет порталы (Басты бет/Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту/Міндетті әлеуметтік сақтандырудың әлеуметтік аударымдары туралы ақпарат) немесе екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы, сондай-ақ Мемлекеттік қорпорацияның бөлімшелеріне немесе Қордың филиалына жеке басын куәландыратын құжатпен жүгіну арқылы алуға болады.

Бүгін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне Қызылорда облысы бойынша шамамен 195,1 мың жұмыс істейтін азамат қатысады, оның ішінде 2025 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша 48,6 мың адам Қордан әлеуметтік төлем алушылар болып табылады. Қор цифрлық сервистерді дамытуды және төлемдерді алудың қолжетімділігін қамтамасыз етуді жалғастыруда. Республика бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 70%-нан астамы электрондық форматта ұсынылады, бұл процесті жылдам және ыңғайлы етеді. Қор қызметінің стратегиялық бағыттары барлық жүйенің орнықтылығына, қаражатты пайдаланудың тиімділігіне және халықаралық стандарттарға сәйкес келуіне бағытталған.

Осылайша, міндетті әлеуметтік сақтандыру әлеуметтік қатер туындаған кезеңде, сондай-ақ бала туу және оның күтімі сияқты маңызды кезеңдерде қазақстандықтарды әлеуметтік қолдауды жүзеге асыруға өз үлесін қосуда.

Қызылорда облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалы

берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жок екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын "Түпнұсқа" деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:

1) шақыруда немесе мерзімдік басылымдағы ақпаратта көрсетілген мекенжай бойынша тиісті саладағы уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) бағытталуы;

2) "_____ мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы" және "_____ дейін ашуға болмайды" (шақыруда немесе мерзімдік басылымда көрсетілген конвертті ашу күні мен уақыты) деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн аралығында Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27-үй мекенжайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс.

Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-04-51 (3007).

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Управление здравоохранения Кызылординской области объявляет конкурс на занятие должности члена наблюдательного совета коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Кызылординская областная инфекционная больница» управления здравоохранения Кызылординской области»

Дата проведения конкурса: по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня объявления проведения конкурса.

Место проведения конкурса: управления здравоохранения Кызылординской области, адрес: город Кызылорда, проспект Абая, 27, здание областного управления здравоохранения Кызылординской области, кабинет № 207.

Наименование предприятия с указанием места нахождения почтового адреса, телефона: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Кызылординская областная инфекционная больница» управления здравоохранения Кызылординской области, 120016, Кызылординская область, г. Кызылорда, улица Ғабит Мүсірепова №75, контактный телефон: 8 (7242) 24-59-62, e-mail: oblnfect_kz@mail.kz.

Основная деятельность: оказание специализированной стационарной

медицинской помощи населению области.

Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательный совет в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

1) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее 5 лет;

2) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее 3 лет;

3) членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

Перечень документов, которые необходимо представить для участия в конкурсе:

1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);

2) резюме на казахском и русском языках;

3) автобиография (в произвольной форме);

4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;

5) копия документа о высшем образовании;

6) копии документов, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Кодекса;

7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Участник запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его: "Оригинал". На этом конверте указываются фамилия, имя, отчество (при его наличии) и адрес участника. После этого конверт запечатывается во внешний конверт.

Внутренний и внешний конверты должны:

1) быть адресованы уполномоченному органу соответствующей отрасли (местному исполнительному органу) по адресу, указанному в приглашении или информации в периодической печати;

2) 2) содержать слова "Конкурс членов наблюдательного совета государственного предприятия _____"

и "Не вскрывать до _____" (дата и время вскрытия конвертов, указанных в приглашении или информации в периодической печати).

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть предоставлены в течение 30 календарных дней с момента публикации данного объявления в управления здравоохранения Кызылординской области по адресу: город Кызылорда, проспект Абая, 27.

Телефон для справок: 8 (7242) 40-04-51 (3007).

«Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек... Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі!»

Президент Қасым Жомарт Тоқаев

ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

2025 жыл – ел тарихында «Жұмысшы мамандықтары жылы» ретінде ерекше аталып өтуде. Бұл бастама маңдай терімен, адал еңбегімен ел дамуына үлес қосқан адамдардың өмір жолына терең үнілуге, өскелең ұрпаққа үлгі етіп ұсынуға тамаша мүмкіндік. Осыған орай, Ғани Мұратбаев мемориалдық музей ұжымы еңбек майталманы, Социалистік жарыс жеңімпазы, «Құрмет» орденінің иегері Қожабике Қалданқызы Әбдіхалықованың өнегелі тұмырын дәріптеу мақсатында арнайы жұмыс жүргізіп, апайдың келіні Гүлнұр Құлниязованың көмегімен құнды құжаттар мен марапаттарды музей қорына қабылдап алдық. Бұл материалдар бір ғана адамның емес, тұтас бір дәуірдің, ауыл еңбеккерінің шынайы шежіресі.

1946 жылы Қазалы ауданы, Сарыкөл ауылдық кеңесіне қарасты Мәдениет колхозында қарапайым қазақ отбасында дүниесігін ашқан Қожабике Қалданқызы Әбдіхалықова – адал еңбегімен ел есінде қалған ардақты ана, білікті маман, еңбек майталманы. Ол Кеңес дәуіріндегі «еңбек адамының» шынайы бейнесі, шын мағынасындағы жұмысшы маман иесі еді.

Қожабике 1962 жылы №90 Абай атындағы 8 жылдық мектепті тәмамдаған соң, ауылда еңбекке араласып, 1964 жылдан бастап Абай колхозында қатардағы жұмысшы ретінде еңбек жолын бастайды. Қолынан кез келген шаруашылық жұмысы келетін еңбекқор жас қыз 1970 жылы егіс бригадасында звеновод болып, күріш өсірумен айналысады. Әрбір атқан тағын егіс басында қарсы алып, еңкейген кешін қырманға дейін жалғайтын ол күріштің әр гектарынан 50-80 центнерге дейін өнім алып, ауылдағы үздіктер қатарынан көрінді.

1970 жылдардың ортасында Қазалы қаласындағы СПТУ-34 кәсіптік училищесінде арнайы 3 айлық курсты бітіріп, механизатор мамандығын алып шығады. Бұл ол заманда әйел баласы үшін сирек таңдалатын мамандық болатын. Дегенмен Қожабике «Беларусь» тракторын еш қиындықсыз меңгеріп, күрішті селкімен егіп, күзде жинап, өнімді қырманға тасып, қойшылардың мал азығын дайындауға дейін атқарды. Бұл да нағыз жұмысшы маманның белгісі.

Еңбегімен көзге түскен Қожабике Қалданқызы 1973 жылы КПСС мүшелігіне қабылданып, 1974–1987 жылдар аралығында аудандық және облыстық Советке депутат, облыстық партия конференциясы мен кәсіподақ конференциясының делегаты, пленум мүшесі болды. Бұл жұмысшы табының қоғам өміріне белсене араласуының жарқын көрінісі еді.

Тынбай төккен маңдай тері мен адал қызметінің өтеуі ретінде ол «Құрмет» ордені, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі, «Қола» медаль, «Социалистік жарыстың жеңімпазы» атағы және «Еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталды. Сонымен қатар, Қызылорда облысының «Таңдаулы күрішшісі» атанып, I және II-дәрежелі «Ана» ордені, 2010 жылы «Алтын алқа» төсбелгісімен марапатталған.

Қожабике апай еңбекпен қатар отбасы тәрбиесіне де үлкен көңіл бөлді. Жолдасы екеуі жеті бала тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. 1992 жылы зейнетке шыққан соң немере бағып, шөбере сүйіп нағыз бақытты, дана әже дәрежесіне жетті.

Отбасы мүшелерінің айтуынша, Қожабике Қалданқызы өте ұқыпты, тәртіпті, бастаған ісін соңына дейін



жеткізбей қоймайтын табанды жан болған. Ауыл ішіндегі мәселелерге де бейжай қарамай, жастар арасындағы түсініспеушіліктерге ақылын айтып, ел арасына татуластырушы болып жүрген. Екі енесін бағып-қаққан, үлкенге ізет көрсетіп, кішіге қамқор бола білген көреген келін ретінде де ұрпағына үлгі көрсетті.

Оның өмірлік басты қағидаларының бірі – адал еңбек пен туған ауылына деген сүйіспеншілік еді. «Ауылды сүйі, еңбекті құрметте, ешкімнің ала жібін аттама» деген қарапайым ұстанымды өзі ғана емес, балалары мен немерелерінің бойына да сіңіре білді. Еңбектің қадірін, адамдықтың парқын өмірімен дәлелдеп өткен ардақты жанның өнегесі бүгінде ұрпағының жүрегіне мәңгі сақталып келеді.

Қожабике Қалданқызы Әбдіхалықова 2024 жылдың қараша айында өмірден озды. Артында өшпес өнегесі мен музей қорында сақталған тарихи мұрасы қалды. Еңбегімен елге сыйлы болған ардақты ананың есімі әлі талай ұрпақтың жүрегіне құрметпен аталам.

Ақерке БЕРДБАЙ,
Ғани Мұратбаев мемориалдық
музейінің ғылыми қызметкері

БҰРҒЫЛАУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫН САЛУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Ұңғыманы бұрғылау, бұрғылау қондырғысының жинақтауы аяқталған жағдайда, оны кәсіпорын бойынша шығарылған бұйрықпен тағайындалған комиссия қабылдап алғаннан кейін ғана бастауға болады. Комиссияның жұмысына өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы құзырлы орган өкілінің қатысуы қажет. Комиссия бұрғылау қондырғысын пайдалануға енгізу туралы акт жасайды және өзінің тұжырымын береді. Кәсіпорын қабылдау комиссиясына ұңғыманы салуға арналған жобаны, жер телімін бөлу актісін немесе жоғары тұрған аймақтық ұйымның жер аумағының бөлінгені туралы бұйрығын, геологиялық-техникалық рұқсат-жүктелімді, бұрғылау жабдығына арналған негізгі техникалық құжаттарды, сондай-ақ мұнараны салу-жинақтау жұмыстары аяқталғаннан кейін жасаушы-зауыттың нұсқаулығына сәйкес қондырғының жұмыс істеу шарттарын ескерумен жүргізілген сынақтар туралы актілерді ұсынады. Бұрғылау қондырғысы мыналармен жабдықталған болуы тиіс:

- бұрғылаушының басқару тактасындағы, қоршаулар түсіріліп тұрған, ротордың сыналары көтеріліп тұрған кездегі жүкшығырдың, ротордың іске қосылуына жол бермеу жөніндегі блоктаушы құрылғымен;
- тальдік блокты көтеру биіктігінің ілмегіндегі жүктемені шектегіштермен;
- құбырларды орнатуға арналған сөрелері бар қабылдау көпірімен. Қабылдау көпірінің ұзындығы кемінде 14 м, ені 2 м болуы тиіс. Сөрелер құбырларды қат-қабаттарының биіктігі 1,25 м-ден аспаған жағдайда жинау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс;
- бұрғылау ерітіндісін эфирлеуге, өңдеуге, ауырлатуға, тазарту мен араластыруға, шлам мен пайдалануда болған сұйықты жинап алуға арналған сұйықтың деңгейі туралы автоматтық түрде сигнал беру механизмдер жүйесімен жабдықталған ыдыстар;
- ауа ортасы мен бұрғылау ерітіндісіндегі газдардың концентрациясын бақылау жүйесімен;
- ұңғымаларды салу кезінде еңбек қауіпсіздігін арттыратын өзге де құралдармен.

Мұнаралар мен аркалықтарды монтаждау мен шешіп алу кезінде көтерігіштер мен жүкшығырлар паспорттық номиналдық жүк көтерігіштіктері бойынша қолданылуы тиіс. Жинақтау-бөлшектеу жұмыстарында үзіліс болған уақытта жинақталып жатқан жабдықтың түзілімдерін асылған күйінде қалдырып кетуге тыйым салынады. Қосалқы жүкшығырдың құрылымы ілініп тұрған жүктің бірқалыпты қозғалту мен оның мықты етіп ұстауын қамтамасыз етуі тиіс. Жүкшығырды басқару тетігінен бұрғылаушыға жұмыс орны мен жүкті қозғалту орны көрініп тұратындай болуы тиіс. Осы талапты ұстану мүмкін болмаған жағдайда қосымша тетік орнатылып немесе сигнал беруші тағайындалады. Тальдік сымарканның қозғалғыш және қозғалмайтын ұштары мұнараның элементтеріне жанасып тұрмауы тиіс. Бұрғылау қондырғысының гидравликалық және пневматикалық жүйелерінің коммуникациялары мен агрегаттарының қосылыстары тез ажырайтындай болуы тиіс және оларды жинақтау, шешіп алу мен пайдалану кезіндегі жұмыстардың ыңғайлы және қауіпсіз болуын қамтамасыз етуі тиіс. Бұрғылау қондырғысының пневматикалық жүйесі (құбырлар, крандар) жасаушы-зауыттарда және дәнекерлеуді қолданумен жөндеуден кейін сынамалық қысымға бойынша сыналады, ал бұрғылау қондырғыларына орнатылғаннан кейін - қысымы сол пневматикалық жүйеге арналған есептік қысымнан 1,25 есе асатын ауамен сыналады. Бұрғылау қондырғысының құрылымына кез келген түрдегі өзгерістерді енгізу

жасаушы-зауытпен немесе бұрғылау қондырғысын жасап шығаруға техникалық тапсырма берген жобалау ұйымымен және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы құзырлы органның өкілімен келісілген болуы тиіс.

Мұнаралар биікте жұмыс істейтін жұмысшының жұмыс орнына көтеруге арналған көтерігішпен (лифтімен) және ұңғыманың сағасында орын алған апаттық жағдайда, балконнан жылдам көшіріп алуға арналған құрылғымен жабдықталады. Мұнараға орнатылатын барлық айлабұйымдардың, құрылғылардың бекітілуі олардың өздігінен шешіліп кетуі мен құлауына жол бермеуі тиіс. Сорғылардың айдағыш құбырына бұрғылау сорғыларын біртіндеп жұмыстық режимге шығарумен, жүктемесіз іске қосып отыруға мүмкіндік беретін қашықтан басқаруы бар іске қосқыш ысырма орнатылады. Іске қосу ысырмасының шықпасы тұзу сызықты болып және ағызу жағына қарай еңкейтумен бекітілген болуы тиіс. Бұрғылау сорғыларының айдағыш құбыры мен таған жасалғаннан кейін, сондай-ақ жөндеуден кейін ең жоғары жұмыстық қысымнан 1,5 есе асатын қысымға қатысты гидравликалық сынаудан өткізіледі. Монтаждаудан кейін айдағыш құбыр, таған, иілгіш түтік пен жетекші құбыр сорғының ең жоғары қысымына қатысты сыналады. Құбырларды бұрғылау сорғыларымен сынауға тыйым салынады. Бұрғылау сорғылары - іргетастарға, айдағыш құбыр - блоктық негіздер мен аралық тіректерге мықты етіп бекітіледі. Құбырлардың бұрылыстары бірқалыпты етіп немесе уатқыш элементтермен бірге тікбұрышты етіп жасалады. Автоматтық бұрғылау кілтіннің бұрғылау қондырғысының жұмыс алаңшасында орналасуы түсіру-көтеру операцияларын машиналық кілттермен де орындау мүмкіндігін қамтамасыз етіп отыруы тиіс. Автоматтық кілт жұмыс істеу сұлбасы көрсетілетін арнайы тетіктен, қашықтан тұрып басқарылып отыруы тиіс. Автоматтық кілті басқару жүйесінде механизмдердің жұмыстық агентті қоректендіру желісінен толығымен ажырату мүмкіндігі, сондай-ақ олардың кездейсоқ іске қосылуына жол бермеу мақсатында блоктау ескеріліп отыруы тиіс. Қысқыш иектер мен тіреулер беру жүйесінен ауаны толығымен ажыратудан кейін айырбасталуы тиіс. Бұрғылау қондырғысының жұмыс алаңшасындағы автоматтық кілт пен басқару тетігінің өзара орналасуы кілттің жұмысын бақылаудың ыңғайлы болуын қамтамасыз етіп отыруы тиіс. Ұқсас пневматикалық және гидравликалық кілттерді қолдану кезінде олардың қауіпсіз күтімін жасау жөніндегі нұсқаулықты орындап отыру керек. Машиналық құрылғылардың механизмдері бар диаметрі кем дегенде 17,5 мм болатын болат сымаркандарға көлденең түрде ілінеді. Аспалы сымарканның ақаулары болмауы тиіс.

Машиналық кілт айналып кетумен қосымша түрде диаметрі кем дегенде 17,5 мм болатын сақтандырғыш сымарқанмен ұсталып тұрады, оның бір ұшы кілттің корпусына, ал екінші ұшы мұнаралық блоктың негізіндегі арнайы таппал тіреуге (тумба) бекітіледі. Сақтандырғыш сымарқан кергіш сымарқаннан 15-20 см ұзын етіп жасалады. Кергіш (жұмыстық) және сақтандырғыш сымарқандар кілтке ұрышпен (вертлюжка) бір-бірінен бөлек түрде бекітіледі. Бұрғылағыш сорғысының жұмыстық қысымынан 10%-ға асатын қысым кезінде іске қосылатын, цилиндрлік төлкелері тиісті диаметрдегі сақтандырғыш құрылғысы болуы тиіс.

Е. БАЙДУЙСЕНОВ,

бас маман-мемлекеттік

инспектор

КИЕСІ БАР КӨНЕ ЖӘДІГЕР КЕСЕҚАП

Халық арасында тараған әрбір аңыз бен әңгіме – ұлттың рухани жадын құрайтын баға жетпес мұра. Ауыз әдебиетінде, ел ішінде айтылатын ескі көздердің естеліктерінде діни наным-сенім мен мифтік түсініктердің ұшқыны кездесіп отыратыны ақиқат. Кейде шынайы өмірден алынған оқиғалар тылсыммен астасып, тыңдаушыны ерекше бір сенімге жетелейді. Бұл – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымының, болмысты қабылдау тәсілінің айқын айғағы.

Осындай тағылымды әңгімелердің бірін Жайлаубай есімді шопан қария айтып берді. Арнайы оқуы болмаса да, көнекөз қариялардан естігендерін сарқып жеткізе білетін ол кісі - ауызша тарихтың тасымалдаушысы, көрген-білгенін кестелеп жеткізетін шежіре адам. Бір отырыста, «Қызылдың қиясын мекен еткен шопандар қыс қыстауға, жаз жайлауға көшіп жүріп малдың жайын жасайтыны анық қой» - деп бастап кетті әңгімесін. Көктем шыға сырдың малын жайлауға көшіру сөтіміз. Қысылтаң уақыт. Көш жүргізуші көліктің түрі түйе болатын. Көрпе-төсек, ыдыс-аяқ секілді дүниелердің бәрін буып түйіп түйеге артып, жайлауға көшірудің қамы қызу жүріп жатыр. «Кедей болсаң көшіп көр» - демекші үйдің бокташағы таусылар емес. Дегенмен болды-ау деген сәтте жолға шығып кеттік. Ұзақ жолдан шаршап-шалдығып жаз жайлауға жетіп қалғанда түйе табаны оқпаңға сүрініп артылған жүкпен бірге түйе құлап дүние мүлік бүлінді. Сынатыны сынып, жарамсыз күйге ұшырағаны басмырақ болып қалды. Жайлауға жетіп жүк түсірілген кезде түйеге артылған ағаш үйдің уықтары, ыдыс-аяқ салатын кебеже сандықтар жарамсыз болып қалғанын көрдік. Әкелеріміз үйіреткендей жалпы көші-қон кезінде жол жөнекей бүлінетін тұрмыстық дүниелер ішінен кесе-шәйнектерге мұқият болу керек. Себебі түйе үстінен аударлап қолайсыз құзғалыстан сыныптан осы заттар болғандықтан бәрін мұқият орын-орныммен жыйыстырған дұрыс. «Қырық жыл қырғын болса да ажалсыз пенде өлмейді» демекші түйе ауып қанша зат сынып бүлінгенде ішінен кеселер аман шықты. Себебі кеселер кесеқапқа салынып артылған болатын.

Бұл – алғашында күлкіге, кейін үлкен ойға жетелеген жайт болған. Сол сәтте шешелері: «Әй, күлмендер, кесеқаптың да киесі бар», – деп, әңгіменің бағытын байыпқа бұрған екен.

Бұл жайттан байқайтынымыз – қазақ халқы тұтынған әрбір затқа тек тұрмыстық бұйым ретінде емес, символдық, тіпті рухани мән бере қараған. Әсіресе, күнделікті қолданылатын заттардың ішінде «киелі» деген түсінікпен сақталғандары аз емес. Солардың бірі – кесеқап.

Кесеқап – негізінен керамикалық кеселерді сынбай, аман сақтау мақсатында жасалған арнайы бұйым. Қазақ этнографиясында ол XVIII ғасырдан бастап қолданысқа енген деген болжамдар бар. Бұл – нақты дерек болмаса да, этнографиялық деректерден туындап, кейін өнер мен дәстүрдің бөлінбес бөлшегіне айналды. Кесеқаптар теріден, киізден немесе ағаштан дайындалып, сәндік өрнектермен безендірілген. Түріне қарай «Сынаармшек» (бір кесе салуға арналған), «Қосемшек» (екі кесе), «Үшемшек» (үш кесе) түрлеріне бөлінеді. Мұның өзі көш кезінде қажетті затты сақтау мен қорғаудың амалын ғана емес, сонымен бірге затқа деген ықылас пен құрметтің де белгісі екенін айғақтайды.

Бүгінде бұл құнды бұйымдар музейлердің алтын қорын толықтырып отыр. Ғани Мұратбаев мемориалдық музей қорындағы кесеқапты 2004 жылғы колөнер шебері Қ. Құлманбетов музейге сыйға берді. Өлшемі 50х40(см). Дәстүрлі қазақ қоғамында көшіп-қонға лайықталып, басқұрланып, киізден былғарыдан жасалған. Екі бөлімнен:



астыңғы және үстіңгі бетінен тұрады. Асты тегіс-ішкі беті матамен, сырты қара былғарымен қапталған, жиектері қылмен әшекейленген. Үстіңгі бетішү жерден дөңес етіп, кесе салуға ыңғайлап жасалған, ішкі құлын терісімен қапталған, сырты түйенің көңімен қапталып, шаңырақ тәрізді етіп жасалған. Дөңесті жағалай тесіп, былғары таспа өткізген. Дәл ортада мельхиордан қалқан тәрізді беті өсімдік өрнегімен өрнектелген әшекейлер салынған. Қаптын екі беті беттестіріліп, арнайы тесіктер арқылы өткізілген таспалармен байланады. Жоғары жағында ұстауға ыңғайлы сабындағы тесіктен өткізілген таспа байланып, оны кереге басына іліп қоюға да болады. Жиіктері жағалай қылмен көмкерілген. Кесеқап негізінен жапырақ тәрізді етіліп жасалған.

Қорыта айтқанда, Жайлаубай шопанның қарапайым ғана әңгімесінен үлкен философияны байқауға болады. Қазақ халқының әрбір заты, әрбір әрекеті – мән мен мағынаға, символ мен сырға тұнып тұр. Кесеқап – тек ыдыс сақтаушы емес, ол – киелі салтау ұғымның, көшпелі болмыстың, ұланғашы сана мен ұрпақ сабақтастығының бір үлгісі. Сондықтан мұндай жәдігерлердің музей қорында сақталып, болашаққа аманат ретінде жеткізілуі – тарихи, танымдық әрі тәрбиелік мәні зор іс.

Ақзира САРМАНТАЙ,
Ғ.Мұратбаев мемориалдық
музейінің ғылыми қызметкері

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егиниябаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Саяси менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байғұсұнов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №170
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы: https://ret-gazeta.kz/